Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Жаттығу кешені № 16 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	Жаттығу кешені № 17 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Жаттығу кешені № 18 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Жаттығу кешені № 19 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Жаттығу кешені №20 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
	Ұйқыдан ояту картотекасынан				

Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Құлыпты аш» Мақсаты: логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады. Күтілетін нәтиже: Балалар жыл мезгілдерінің атауларын атап, оларды бір-бірінен ажырата біледі. Жеке баламен жұмыс, Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау.	Құрылымдалған ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасайды достық қарым-қатынаста бола алады. Өнім арқылы саралау Жеке баламен жұмыс, Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау.	Отан» Ж. Әбдірашев. «Отан – әжем, Отан-анам!» «Туған ел!» деп, «Туған жер!» деп, Ол бекерге аталмаған... Атам, Әжем, Әкем, Анам – Төртеуі де «Отан!» маған. Төртеуі де «Ботам!» дейді, «Ер азамат атан!» дейді.. 4К моделі, жетелеуші сұрақтар. Жеке баламен жұмыс, Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау.	Құрлымдалған ойын: «Жаңбырлы ауа-райы» Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен сурет сала алады. Жеке баламен жұмыс, Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау.	Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін! Жеке баламен жұмыс, Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №6 Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру.	Картотека №7 Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.	Картотека №8 Итті бақылау. Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылығын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.	Картотека №9 Суды бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.	Картотека №10 Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету. Әдемілікті сезіну.
	Таңғы серуен картотекасын бекіту				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы, балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

С. Шамалы

ЦИКЛОГРАММА
(08-12қараша 2021 ж.) 3-апта
«Балапан» ортаңғы тобы.

Өтпелі тақырып «Дені саудың-жаны сау»

Күн тәртібі	Таным» Жаратылыстану-1,0 «Шығармашылық» Сурет салу-1,0	«Шығармашылық» Музыка-0,5 (2-4 апта) «Денсаулық» Дене шынықтыру (з)-1,0 «Қатынас» Орыс тілі-0,5 (1/3апта) «Таным» Құрастыру-0,5 (2/4 апта)	«Таным» Математика негіздері-1,0 «Денсаулық» Дене шынықтыру (з)-1,0 «Шығармашылық» Мүсіндеу-0,25(2-апта) Жапсыру-0,25 (4-апта)	«Қатынас» Көркем әдебиет-0,5(1/3 апта) «Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу-0,5 (2/4 апта) «Шығармашылық» Музыка-1,0 «Денсаулық» Дене шынықтыру (т.а.)-1,0	«Қатынас» Сөйлеуді дамыту- 1,0 «Вариативтік к.» « Ертегілер елінде»- 1,0
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Құрлымдалған ойын: «Орнын тап» Мақсаты: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап, суреттен таба біледі.	Құрлымдалған ойын: «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата біледі	Құрлымдалған ойын: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалар заттың орналасу ретін біледі.	Құрлымдалған ойын: Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.	Құрлымдалған ойын: «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады.
Қатынас білім беру саласы картотекасынан					
Таңертеңгі гимнастика	Қараша айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Бала үні «Ас дәмді болсын!»Ас құрамымен таныстыру .				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша	1. Жаратылыстану Тақырыбы: Дәрумендер әлеміне	1.Музыка Педагог жоспары бойынша	2.Математика негіздері Тақырыбы: Ұзын-қысқа Мақсаты: Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Екі дос ертегісі Мақсаты: Ертегінің мазмұнын	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күшікке көмек

ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	саяхат Мақсаты: Балалар дәрумендердің пайдасы және маңызы жайлы түсінеді. Ресурс: АКТ тех, көрнекі құралдар Әдіс-тәсілдер:, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым, онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді, енді сендерден көмек сұрап келдім. Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріндерші? Балалар көмектесеміз бе? Сыни ойлау, бала үні. Слайд: «Суретпен жұмыс» Балалар мына суретте не көріп тұрсындар? Бір сөзбен айтқанда бұларды нелер дейміз? Ал, мына суретте не көріп тұрсындар? Оларды бір сөзбен айтқанда нелер дейміз? Балалар біз дәрумендерді қайдан аламыз? Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, Пед жет ойын: «Бақшада ма, бақта ма?» Шарты: Бақ пен бақша сөзі айтылғанда өзіне тиесілі суретті көрсету. 4. Дәруменнің пайдасы. Дәрумендердің А, В, С, Д, Е деген түрлері болады. Оларды біз күнделікті ішіп жүрген тағамдарымыздан кездестіреміз. Мысалы: «А» дәрумені: қызыл бұрышта, сарымсақта, қызанақта бар. «В» дәрумені: киярда, қырыққабатта, сәбізде кездеседі екен. «С» дәрумені қарақатта, лимонда, мандаринде кездеседі. «Д»	2. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша 3. Дене шынықтыру. Педагог жоспары бойынша	туралы түсінеді, ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйренеді. Ресурс: хат, пішіндер, ойыншықтар, сыйлық Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер «Күлімдейік». Шеңберге біз жиналды. Сен досымсың, мен досыңмын. Қол ұстасып тұрамыз, Күлімдесіп қараймыз. Жыл мезгілдері жайлы, апта күндері жайлы әңгіме жүргізу. Сыни ойлау, бала үні Миға шабул. Сұрақтар ілмегі. Балалар, бір аптада неше күн бар? Бүгін аптаның қай күні? Сендер неше күн балабақшаға келесіндер? Неше күн демаласындар? Сендер қандай геометриялық фигураларды білесіңдер? Балаларды мадақтау. Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Құрлымдалған ойын: «Жауабын кім табады?» Шарты: балаларға екі қыздың суретін беру. -Бұлар апалы-сіңлілі қыздар, олар бір-біріне қатты ұқсайды. Ал олардың бір-бірінен айырмашылығын кім таба алады. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Берілген	айтуды, кейіпкер-лердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін айтуды біледі. Ресурс: ертегі бетперделер, ұнтаспа Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері. «Кел, балалар күлейік» Ө. Тұрманжанов. Кел, балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! Бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Балаларға ұнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдату. -Бұл ән не туралы деп ойлайсындар? Ой дамыту Тақырып бойынша жұмыс. Үдеріс арқылы саралау. Ертегі желісін АҚТ технологиясы бойынша көрсетіп түсіндіру. Сұрақ – жауап. Достар қайда келе жатыр еді? Алдарынан не шықты? Екі дос не істеді? Талға өрмелеп кеткен досының ісі дұрыс па? Екінші достың орнында болғанда не істер едіңдер? Достар қандай болу керек? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті. Ой дамыту. Тағы қандай ертегілерді білесіндер? Ертегілерден біз не үйренеміз? Ертегілер арқылы топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралу. I топ. «Бауырсақ» ертегісі.	Мақсаты: Шағын әңгімелерді айтып беруге үйренеді. Байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасады. Ресурс: АКТ, тақырыпқа сай суреттер. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Қызығушылықтарын ояту. АКТ тех жұмыс. -Балалар бізге электронды поштамызға хат келіп тұр, соны ашып тыңдап көрейік. Ведеоны көріп болған соң, балалардан сұрау. -Балалар Айгүл бізден күшігіне үйшік керек екендігін айтып көмек сұрап отыр, көмектесеміз бе? Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Сұрақ-жауап Балалар ит қандай жануар түріне жатады? -Иттің баласын не деп атаймыз? -Күшік қандай дыбыс шығарады? Пед жет ойын: «Ненің даусы?» Шарты: Аудиодан дауыс естірту. -Кәне, ендеше бәріміз күшік сияқты үрейікші (әу-әу-әу) Бала үні, креативтілік. Ой дамыту. Суретпен жұмыс Балалар суретке қарап әңгіме құрайды.
---	--	---	---	---	--

дәрумені: алмада, алмұртта, пиязда, жүзімде . Осы дәрумендерді көп жесеңдер суыққа төзімді боласындар, сүйектерің қатайды, бұлшық еттеріңе күш береді. 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау 5.Сергіту сәті Құрлымдалған ойын:«Пайдалы және зиянды тағамдар» Шарты:Пайдалы тағамдарды себетке жинаймыз,ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жинаймыз. Жаппай бақылау Мазмұн арқылы саралау Қорытынды. Рахмет, балалар! Сендер тапсырманың барлығын жақсы орындадыңдар. Балаларды мадақтап,жұлдызшалар беру. 2.Сурет салу Тақырыбы: Торғайға көмектесейік Мақсаты:Өртүрлі пішін дерді пайдалана отырып, құстың суретін салуға үйренеді. Ресурс: әр түрлі ойыншықтар суреті, бояу,мақталы таяқша,түрлі түсті карандаштар. үлгі Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы: Шаттық шеңбер Арайлы таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз, Жарқырайды қаламыз Қайырлы күн достарым!Бала үні.«Кубизм» әдісі Құстардың атын айтады.. Қызығушылықтарын ояту. Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Ұя жасап беруін өтінеді.		тапсырмаларды дұрыс шеше білу. Логикалық тапсырмалар 1. Торғайларды санайық Ағашта 2 торғай қонып тұр еді, Ала мысықты көріп 1 торғай ұшып кетті Ағашта қанша торғай қалды? 2 . Мирастын өзінде 1 алма болды,әжесі оған базардан 1 алма сатып әперді Мираста қанша алма болды? 3. Кірпі орманда өзіне 2 санырауқұлақты теріп алды. 1 санырауқұлақты тиінге сыйлайды Кірпіде қанша саңырауқұлақ қалды? 4.Адамда неше көз бар?(2) Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Ұзын –қысқа ұғымы туралы түсінік беру. 1-тапсырма: Балалардың суреті. Кімнің бойы ұзын . 2-тапсырма Ұзындығына қарай салыстыру Жолды салыстыру «Жылан және жұлдызқұрт Сыни ойлау, бала үні. Қорытынды Балаларды мадақтай отырып қорытындылау. Жұлдызша беру.	Құрлымдалған ойын: «Ретімен көрсет» Шарты: Ертегіні суреттер арқылы ретімен орналастыру. Сыни ойлау, бала үні. II топ. «Үш аю» ертегісі Пед жет ойын: «Ертегі кейіпкерлерін ата» Шарты: Ертегідегі кейіпкерлерді ретімен атау. III топ. «Шалқан» Құрлымдалған ойын: «Қандай түс» Шарты: шалқанды түсіне сәйкес бояу. «Шапалақ» әдісібойынша бағалау. Қортынды Балаларды мадақтау. 1.Музыка Педагог жоспары бойынша 3.Дене шынықтыру. Маман жоспары бойынша.	Балалар күшік ашуланса қайтеді? Бірденені сезіп қалса нестейді? Қатты жүгіргенде қайтеді? Енді жылы үйшік керек. Біз күшікке үйшік жасап беріп қамқорлық көрсетейік Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Шығармашылық орталық. Балалар құрылыс материалдарынан күшікке үй құрастырады. Өнім арқылы саралау, балаүні, сыни ойлау, креативтілік. Балалардың жұмыстарын мадақтау. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. 2.Вариативтік к Ертегілер елінде. Тақырыбы: «Тапқыр қоян» Мақсаты: Жабайы аңдар туралы түсінікті жалғастыра отырып, қоянның қасиеттеріне тоқталып, балаларға қоян туралы мәлімет беру.Ертегіні мұқият тындап, қоян туралы не айтылғанын баяндай білуге жаттықтыру.Өз ойын айтып жеткізе білуге және ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Тапқырлыққа , батылдыққа тәрбиелеу.
--	--	--	--	---

	Ой қозғау. Ұя не үшін керек? Құстар ұяны қайда жасайды? Құстар немен қоректенеді? Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. Құстардың бізге қандай пайдасы бар? -Оларға қандай қамқорлық жасау керек Ұяның түрлерімен таныстыру. Топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау 1-топ Қызыл түс 2-топ Сары түс Әр топқа тапсырма беру. Сурет салудың әдіс тәсілін көрсету, түсіндіру. 1-топ құсты түрлі түсті карандашпен салады 2-топ қылқаламмен бояйды.. Сыни ойлау, бала үні, креативтілік. Сергіту сәті: Бала үні Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың салған суреттерін бағалау, мадақтау. Қорытынды. 3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №1 Торғайларды бақылау Мақсаты: Торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру.	Картотека №2 Көгершіндерді бақылау Мақсаты: Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.	Картотека №3 Емен ағашын бақылау Мақсаты: Емен ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету.	Картотека №4 Жыл мезгілінің өзгерін бақылау Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)	Картотека №5 Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау Мақсаты: Ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары)

	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тіркелген)				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№14. 1.Ояну Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.	№16 1.Ояну Көздерінді ашындар, Кірпіктерінді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипандар, Бір - біріңе жымыңдар	№15. 1.Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.	№13. 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	№ 12. 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз
	Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Құрылымдалған дидактикалық ойын:«Құлыпты аш» Мақсаты:логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады. Күтілетін нәтиже: Балалар жыл мезгілдерінің атауларын атап,оларды бір-бірінен ажырата біледі. Жеке баламен жұмыс, Санамақ Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бармағым - атам, Бас Бармағым - апам, Балан Ортан терек Біз Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз Еркін ойын Жанама бақылау.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы және қалай дыбыстайтындығы туралы түсіндіктері қалаыптасады. Күтілетін нәтиже: Балалар жануарлардың дыбысын танып,атауларын атай біледі. Жеке баламен жұмыс, Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары	Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Бау да ма,бақшада ма?» Мақсаты: Балалар көкөністер мен жемістер туралы түсінеді. Күтілетін нәтиже: Көкөністер мен жемістердің атауларын атап,оларды ажырата біледі. Жеке баламен жұмыс. Саусақ жаттығулары: «Қонаққа барамыз» Басбармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар, Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың, Барлық саусақ – тату дос, Бір – біріңе көмектес. Еркін ойын Жанама бақылау.	Құрылымдалған сюжетті рольді ойын «Шалқан» ертегісі.Мақсаты: Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады Күтілетін нәтиже: Өздеріне берілген ертегі кейіпкерлерін сомдай алады. Жеке баламен жұмыс. Құрылымдалған ойын: «Досыңа пішіндерді жинауға көмектес» Мақсаты:пішіндерді ажыратады,достарына көмектеседі. Бала үні 4К -командамен жұмыс Жанама бақылау Еркін ойын Жанама бақылау.	Құрылымдалған ойыны «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді.Сөздік қоры дамиды. Күтілетін нәтиже: Балалар ойынды ойнай отырып, қарым-қатынас дағдыларын түсінеді. Жеке баламен жұмыс, Педагог жетекшілігімен ойын «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді түсінеді. Күтілетін нәтиже: Ойын арқылы геометриялық ұғымдарды үйренеді.

		Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін! Еркін ойын Жанама бақылау.			Еркін ойын Жанама бақылау.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5
	Таңғы серуен картотекасын бекіту. (картотека қосымша тіркелген)				
Балалардың үйге қайту	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Ата-аналарға кеңес: «Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді балаға үйретініз».				

ЦИКЛОГРАММА
(15 – 19 қараша 2021 ж.) 4-апта
«Балапан» ортаңғы тобы.

С.И.Мамы

Өтпелі тақырып «Дені саудың-жаны сау»

Күн тәртібі	Таным» Жаратылыстану-1,0 «Шығармашылық» Сурет салу-1,0	«Шығармашылық» Музыка-0,5 (2-4 апта) «Денсаулық» Дене шынықтыру (з)-1,0 «Қатынас» Орыс тілі-0,5 (1/3 апта) «Таным» Құрастыру-0,5 (2/4 апта)	«Таным» Математика негіздері-1,0 «Денсаулық» Дене шынықтыру (з)-1,0 «Шығармашылық» Мүсіндеу-0,25(2-апта) Жапсыру-0,25 (4-апта)	«Қатынас» Көркем әдебиет-0,5(1/3 апта) «Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу-0,5 (2/4 апта) «Шығармашылық» Музыка-1,0 «Денсаулық» Дене шынықтыру (т.а.)-1,0	«Қатынас» Сөйлеуді дамыту- 1,0 «Вариативтік к.» «Ертегілер елінде»- 1,0
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				

Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Құрлымдалған ойын: «Не артық?» Мақсаты: Суретте тұрған артық затты таба біледі.	Құрлымдалған ойын: «Гүлдер біздің досымыз» Мақсаты: балалар гүлдерді дұрыс күтіп- баптау, суару, қопсыту дағдыларын меңгереді.	Құрлымдалған ойын: «Құстарға көмектесеміз?» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсіне отырып, құстарға қамқорлықпен қарауды біледі.	Құрлымдалған ойын: «Қоянға көмектесеміз» Мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі.	Құрлымдалған ойын: «Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата біледі.
Таңертеңгі гимнастика	Қараша айының 4 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз!				
Мектепке дейінгі ұй- ым кестесі бойынша ұйымдастыр ылған оқу қызмет-тері	1.Жаратылыстану Тақырыбы: Жануарларға күтімді қалай жасау қажет? Мақсаты: Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы түсінеді. Ресурстар: бейнетаспа, үй жануарлары, төлдері Әдіс-тәсілдер: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау. Оқу қызметінің барысы: 1.Шаттық шеңбері: «Жылы сөздер» Балалар шеңбер бойымен тұрып, өз аналарының еркелететін сөздерін айтып шығады. Бала үні. Ой дамыту. АҚТ технолог Бейнетаспа көрсету. Бейнетаспадан не көрдіңдер? Неліктен бұларды үй жануарлары дейміз? Үй жануарлары қайда тұрады? Үй жануарларын қалай күтіп баптаймыз? Олардың төлдері қалай аталады? Мазмұн арқылы саралау,	1.Муызка Педагог жоспары бойынша 2. Денешынықтыру Маман жоспары бойынша 3..Құрастыру. Тақырыбы. Үй құрастыру Мақсаты: Лего ойыншықтарынан үй құрастыруға үйренеді. Ресурстар: лего ойыншықтары, құрылыс материалдары. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Бала үні Суретпен жұмыс: -Балаларға суретті көрсетіп талдау жасау. Ой қозғау.	1..Математика негіздері Тақырыбы: Заттардың орналасу орнын анықтау. Шеңбер, сопақша. Мақсаты: Өртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауға үйренеді. Ресурстар: пішіндер, ойыншықтар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Кубизм әдісі арқылы жыл мезгілін сұрау. Бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Балалар, бізге қонаққа пішіндер келіпті. Олардың тапсырмалары бар екен. Ой қозғау. Қараңдаршы мыналар қандай пішіндер? Дұрыс шеңбер мен сопақша. Мазмұн арқылы саралау, блум	1. .Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Адам еңбегінің нәтижесі Мақсаты: Ересектердің еңбе гін ойын әрекет терінде көре отырып, ересектер мен бірге еңбек әрекеттерін орындайды. Ресурс: тақырыпқа сай суреттер, ыдыстар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Оқу қызметінің барысы: Әңгіме жүргізу - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күзде неше ай бар? Кәне, барлығымыз атап айтайықшы? -Қазір күз мезгілінің қай айы? -Күзде адамдар не істейді? Сендер үйлеріңде ана-әкелеріңнің бақшада қандай жұмыстар жүргізеді? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс.	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз дәрігерде қонақта болдық. Мақсаты: Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсінеді, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйренеді. Ресурстар: дәрігердің құралдары Әдіс-тәсілдер: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы: Шаттық шеңбер -Қазір жылдың қай мезгілі ? Аптаның нешінші күні? -Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды? Сыни ойлау, блум таксономиясы, бала үні Тақпақ оқу. Ө.Тұрманжанов. Ақ халатты киемін, Аппақ болып жүремін

	сыни ойлау, бала үні. Түйенің төлі ботақан, Жылқының төлі құлын Ешкінің төлі лақ, Қойдың төлі қозы, Сиырдың төлі бұзау. Өзекті сұрақ: Жануарлар адамға не үшін қажет? Не береді? Сыни ойлау, бала үні Тірек сызба Балаларды 2 топқа бөлу. Оқу ортасы саралау 1 – топ. Құрлымдалған ойын: «Жануарлардың төлдерін тап» Шарты: суреттен үй жануарларын төлдерын сәйкестендіреді 2 – топ Құрлымдалған ойын: «Жануарларды мекеніне орналастыр» Пед жет ойын: «Даусынан таны» Сиқырлы ұнтаспаны тындату Шарты: жануарлардың дауысынан не екенің табады Сергіту сәті. Секірейік, жүгірейік (бір орында секіру, жүгіру) Ку анайық, күлейік (бір – біріне қарап күлімсіреу) Отырайық, дем алайық (жүресінен отыру, дем алу) Дем алып – ап, жүрейік (тұру, бір орында жүру) Қорытынды -Балалар бүгін біздер не туралы әңгімеледік? -Үй жануарларына не жатады? -Не себепті үй жануарлары дейміз? Блум таксономиясы, бала үні, сыни ойлау. Балаларды мадақтау. Жұлдызша беру. 2.Сурет салу	Балалар сендер мына суретте не көріп тұрсындар? Үйлер қандай екен? Үйді жасау үшін қандай құрылыс материалдары керек ? Үйді кім салады? Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Лего ойыншықтары және құрлыс ойыншықтары арқылы топқа бөлу. Құрлымдалған ойын. «Құрлысшылар үй салады» Шарты: берілген материалдардан үй құрастыру. Үй құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Бір қабатты үйге төрт текше, екі үшбұрыш керек және оны қалай қою керек екенін түсіндіру. Ал көп қабатты үй жасау үшін бірнеше текшелер, бірнеше кірпіштер қажет болады. Ол үшін текшелерді түстеріне сәйкес орналастыру керек, екі қызыл текше, оның үстіне ұзын сары түсті кірпіш қойылады, оның үстіне екі жасыл түсті текше қойып, сары кірпішті орналастырып, оның үстіне көк түсті үшбұрыштарды қоямыз, сонда көп қабатты үй дайын болады. Өнім арқылы саралау,	таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ұнаған пішіндерін алып топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топқа тапсырма: Құрлымдалған ойын: «Геометриялық лото» М. Монтессори технологиясымен жұмыс. Шарты: Балалар пішіндерге ұқсас заттарды жабыстырып қояды. 4К моделі, бала үні. 2-топқа тапсырма: Тақтамен жұмыс. Құрлымдалған ойын: «Көп және біреу» Шарты: Тақтаға көп және бір зат бейнеленген суреттер ілінеді. Көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп екі жаққа орналастырады. Құрлымдалған ойын. «Пішіндерден жануарларды құрастыр» 1-топқа тапсырма. Пішіндерден қоянды құрастырады 2-топ пішіндерден аюды құрастырады Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, креативтілік. Сергіту сәті Қорытынды Балалар бізге қонаққа не келді? Қандай пішіндер келіпті? Қандай ойын ойнадық? Қандай тапсырманы орындадық? Нені құрастырдық? 4К моделі, бала үні. Балаларды мадақтау. 2.Дене шынықтыру. Маман жоспары бойынша	Бейнефильм көрсету(бейнетаспадан адамдардың күзгі тіршілігі, еңбегі туралы түсірілген бейнефильм көрсетіп, сұрақтар қояды) Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Анама көмектесемін» Қызар дастархан әзірлейді. Ұлдармен әңгімелесу. -Сендер әкелеріңізге қалай көмектесесіңдер? -Ағаларыңызға қалай көмектесіңдер? Пед жет ойын: «Егінге не керек» Ойын шарты: егін егуге қажетті құрал жабыдықтарды көрстеу Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. Қорытынды. Мақал: Еңбек етсең ерінбей Тояды қарының тілінбей. Мағанасын түсіндіру. Қорытынды. Балаларды мадақтау 2. Музыка Педагог жоспарына сай 3.Дене шынықтыру.Педагог жоспарына сай.	Аппақ болып жүргенді Өзім жақсы сүйемін. Балалар, таппақ кім жайлы? Сыни ойлау, бала үні. Медбикенің бөлмесіне саяхат жасау. Медбике мен таныстыру. Дәрігер туралы түсінік беру. Пед жет ойын: «неге керек?» Шарты: Медбике дәрі, иод, мақта, температура өлшейтін заттарды көрсетіп таныстырады. Топқа оралу. Ой қозғау. Сұрақтар қою. Жаңа біздер дәрігер бөлмесіне барып, ол бөлмедегі заттармен танысып келдік. -Дәрігер бөлмесінен не көрдік? -Дәрігер не істейді? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бал үні, сыни ойлау. Бір қадам әдісі арқылы дәрігерге арналған таппақты қайталап жаттау. Ақ халатты киемін, Аппақ болып жүремін Аппақ болып жүргенді Өзім жақсы сүйемін. Балаларды мадақтау. Сергіту сәті: Құрлымдалған ойын: «Дәрігер заттарын жина» Шарты: Басқа мамандық құралдырының ішінен дәрігер құралдарын жинау. 4К моделі, бала үні.
--	---	---	--	---	---

Тақырыбы: Кесені әшекейлеу Мақсаты: Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтері салуға үйренеді. Ресурстар: әр балаға аққағаз, бояу, қылқалам, кесе үлгісі, ою өрнек Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау. Оқу қызметінің барысы: Ұйымдастыру. Пед жет ойын: «Күннің көзі» Балалар жақсы тілек айтып күннің көзінің шапағын тақтаға жапсырады. Ой қозғау. Мына суретте не көріп тұрсындар?(кесе) Кесені қалай әшекейлеуге болады?(нүктелермен, сызықтармен, иректермен) Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні, сыни ойлау. Ой дамыту. Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру. Қылқалам ұшымен жиектерін жіңішкерек етіп осы түспен қоюлау бояп, түбін жиектеріне қарағанда жалпағырақ көлемде бояп, сәл кептіреді. -жиектеріне ирек, су, ортасына қызғалдақ Балалардың өз бетінше жұмысы Жанама бақылау, креативтілік, сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті Жеке көмек. Балалардың жұмысын бақылау. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Галереяны шарлау. Өз ара бағалау.	блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Өз беттерінше жұмыс. 1-топ. Лего ойыншықтарынан бір қабатты үй құрастыру 2-топ. құрылыс материал-дарынан 2 қабатты үй құрастыру. Сыни ойлау, бала үні, креативтілік Пед жет ойын: «Сипаттама» Шарты: Құрастырған үйлеріне сипаттама беру. Қорытынды: Балаларды мадақтау. Көңілді смайктер беру.	3. Жапсыру. Тақырыбы: Менің машиналарым Мақсаты: Балалар геометриялық фигураларды дұрыс қия отырып, ретімен орналастыра алады. Ресурстар: : машина суреті, желім, түрлі-түсті қағаздар. Әдіс –тәсілдер: бала үні, саралау, бақылау. Оқу қызметінің барысы: . Шаттық шеңбері. .Қызығушылықтырын ояту. Пед жет ойын: “Ненің дыуысы?” Шарты: Қандай көліктің дыбысы екенін ажырату. Қиылған суреттерді құрастыру арқылы топқа бөлу. 1-Топ жүк көлігі 2-Топ автобус 3-Топ жеңіл машина Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Құрлымдалған ой ойын: «Мен жүргізушімін» Шарты: Әр топ өз көліктерін қиылған пішіндерден жапсырады. Өз беттерінше жұмыс жасау. Жанама бақылау, сыни ойлау, креативтілік. Сергіту сәті: Қорытынды. Галерея шарлау әдісі. Өз ара бағалау. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларға жұлдызша беру.		Қорытынды. Балалар, біздің денсаулығымызға кім қамқор болады? -Біз бүгін қайда бардық? -Біздің медбикенің аты кім? Балаларды мадақтау. мадақтап қорытындылау. 2. Вариативтік компонент Ертегілер елінде. Тақырыбы: «Кім күшті?» Мақсаты: Балалардың ертегі арқылы зейінін ашу және жәндіктер туралы түсінік қалыптастыру. Ертегідегі кездесетін аңдар мен құстардың, жәндіктердің қасиеттеріне тоқтала отырып балалардың ойлау, сөйлеу есте сақтау қабілеттерін дамыту. Не себептен құмырсқаның күшті екендігіне тоқталу. Құмырсқаның еңбекқорлығын балаларға мысал қыла отырып, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
---	---	--	--	---

	Балалардың жұмыстарын бағалау				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №6 Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру.	Картотека №7 Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.	Картотека №8 Итті бақылау. Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылығын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.	Картотека №9 Суды бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.	Картотека №10 Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету. Әдемілікті сезіну.
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тіркелген)				
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№71. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№91. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	№2.1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тігілген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Балық Балықтар туралы толық түсінік беру, балықты бейнелеуге деген қызығушылығын ояту. Балықтың түрлерімен таныстыру. Балықты дұрыс бейнелеуге үйрету. Түзбен салу. Бояулар, қылқалам, су ыдысы, қол сүлгі	Жазғы ағаштар. Графикалық техниканың жаңа түрімен - «өсімдік басуымен» таныстыру. Композиция, түстерді қабылдау сезімдерін дамыту	«Жаңбырлы ауа-райы» Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен танысу үшін біз қағаздың бүкіл бетіне нүктелік, ритмикалық және біркелкі қолдану қабілетін қалыптастырамыз.	«Жұлдызды аспан» Көктемгі түнгі аспанға балауыз шам арқылы бейне беру.	Әдемі гүлдер шетка әдісі Тіс шеткасы мен тамшыларды шашырату техникасын енгізу. бояуды кішкене алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу
	Дәстүрден тыс сурет салу . Шығармашылық білім беру саласы картотекасынан Жеке баламен жұмыс Еркін ойын Жанама бақылау.				
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №6 Торғайларды бақылау	Картотека №7 Жаяу адамдарды	Картотека №8 Итті бақылау.	Картотека №9 Суды бақылау	Картотека №10 Алғашқы қарды

	Мақсаты: Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру.	бақылау Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.	Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылығын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.	Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.	бақылау Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету. Әдемілікті сезіну.
	Таңғы серуен картотекасын бекіту (картотека қосымша тіркелген)				
Балалардың үйге қайтуы	Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.				

ЦИКЛОГРАММА
(22-26қараша 2021 ж.)**1-апта**
«Балапан» ортаңғы тобы.
Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Гүлжан

Күн тәртібі	Таным» Жаратылыстану-1,0 «Шығармашылық» Сурет салу-1,0	«Шығармашылық» Музыка-0,5 (2-4 апта) «Денсаулық» Дене шынықтыру (з)-1,0 «Қатынас» Орыс тілі-0,5 (1/3апта) «Таным» Құрастыру-0,5 (2/4 апта)	«Таным» Математика негіздері-1,0 «Денсаулық» Дене шынықтыру (з)-1,0 «Шығармашылық» Мүсіндеу-0,25(2-апта) Жапсыру-0,25 (4-апта)	«Қатынас» Көркем әдебиет-0,5(1 3 апта) «Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу-0,5 (2/4 апта) «Шығармашылық» Музыка-1,0 «Денсаулық» Дене шынықтыру (т.а.)-1,0	«Қатынас» Сөйлеуді дамыту- 1,0 «Вариативтік к.» « Ертегілер елінде»- 1,0
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				

Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Құрлымдалған ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.	Құрлымдалған ойын: Үй жануарлары және олардың төлдері Мақсаты: Ойын арқылы үй жануарларын және үй жануарларына қамқорлық жасауды біледі.	Құрлымдалған ойын: «Құстарға көмек береміз» Мақсаты: Балалар құстар туралы , оларға қамқорлық жасауды түсінеді.	Құрлымдалған ойын: «Жол әліппесі» Мақсаты: балалар көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол белгілерін түсінеді.	Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалар гүлдерді дұрыс күтіп- баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын түсінеді.
Таңертеңгі гимнастика	Желтоқсан айының I – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі ұй- ым кестесі бойынша ұйымдасты- рылған оқу қызмет- тері	1.Жаратылыстану Тақырыбы: Төрт түлік Мақсаты: Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасауды, олардың тіршілік қалпы туралы түсінеді. Ресурстар: үй жануарлары төлдері және жабайы аңдар ойыншықтары. Әдіс-тәсілі: 4К командада жұмыс, бала үні, бақылау, мнемотехника Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Психологиялық сәт. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Төрт түліктер туралы жұмбақтар жасалу. Жүретұғын әрдайым,	1.Орыс тілі 2. Дене шынықтыру. Педагог жоспары бойынша	1.Математика негіздері Тақырыбы. Тәулік бөліктері Мақсаты. Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйренеді Ресурстар: Дидактикалық материалдар. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, ҰОҚ жүргізілу барысы Шаттық шеңбер. Пед жет ойын: «Бұл қай кезде болады» жұмбақ жасыру. Тәулік бөліктері туралы. Ұйқымыздан тұрамыз Беті-қолды жуамыз Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Отан жаттау Е. Өтетілеуұлы Мақсаты: Тақпақты түсініп, есте сақтауға үйренеді. Отан туралы тақпақ жаттайды. Ресурстар: отан туралы суреттер Әдіс-тәсілі: 4К, бала үні, тікелей бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. I.Шаттық шеңбер сұрау.Бала үні. II.Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Ж. Тұрбеков. Тұған елім. Блум таксономиясы, Бала үні III.Ой қозғау Ашық сұрақтар Өлең не туралы айтылған?	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Менің Отаным. Мақсаты: Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру. Өз Отанын сүйе жетелейді. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер,доп,әр елдің туы Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, бақылау.Топтастыру әдісі. ҰОҚ жүргізілу барысы. Шаттық шеңбері. Миға шабул әдісі. Доп лақтыру арқылы сұрақ қою.

Жануар мұндай қайда бар? Ишкен суын әрдайым Ақсұт етіп қайтарар. (сиыр) -Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (қой) -Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (түйе) Екеуі елеңдеп келеді, Төртеуі төбелесіп келеді. (Ат)Сұрақ – жауап. -Бір сөзбен бұларды не дейміз? Сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. Оқу ортасы арқылы саралау. Топтық жұмыс. Бағдаршам түстері арқылы топқа бөлу. 1 – топ қызыл түске тапсырма. Пед жет ойын: «Ненің даусы?» Үн таспадан үй жауарлары- ның дауыстарын тыңдату. 2- топ жасыл түске тапсырма Үй жануарларының қандай түрлерін білесіңдер? - Адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды? -Үй жануарларының қандай пайдасы бар? Сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік дағды. 3 - топ сары түске тапсырма Педагог жет ойын: «Сиқырлы қоржын» -Балалар үй жануарларын және жабайы аңдар ойыншықтарды атап, қайда мекендейтінін айтады	Бұл қай кез болады балалар? (таңертең) Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын. (Күндіз) Біз тәртіпті баламыз Сабақты да оқимыз Серуенге шығамыз,қыдырамыз Бұл қай кез? (Түс) Ұйқыдан тұрып,беті- қолды жуып Төсекте жинап тазалықты сақтап, Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын Бұл қай кез? (Бесін) · Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз Бұл қай кез? (Кеш) -Ал енді балалар, тәулікті ретімен атап көрейікші. Таңертең, күндіз,түс, бесін,кеш, түн 4 к моделі, бала үні Мазмұн арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Ой дамыту. АКТ технологиясы Слайд. Күндіз,түс,кеш,түн. Түсіндіру. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті. Құрлымдалған ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?»	Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз? Біз қандай мемлекетте тұрамыз? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, Бала үніКоммуникативтік дамыту. Ой дамыту. АКТ технологиясы. Слайд қарау. Отан туралы тақпақ жаттау. –Мағынасын түсіндіру. Коммуникатив дағы, сыни ойлау, бала үні. Бір қадам әдісі арқылы жаттау. Құрлымдалған ойын: «Туған жерді гүлдендір» Шарты: Ортақ ағашқа тілек айтып гүлдер ілу. Балаларды мадақтау. Қорытынды. Кері байланыс 2. Музыка. Педагог жоспары бойынша 3.Дене шынықтыру. Педагог жоспары бойынша	-Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз? - Отан деген не? -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? Ширату әдісі Отан туралы өлең оқып беру. Отан. Ж Әбдірашев. Сыни ойлау, бала үні Кері байланыс, жетелеуші сұрақтар,Ой дамыту Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру. Сергіту сәті.(Заряд алу әдісі) Құрлымдалған ойын:«Өз мемлекетінің туынды тап» Шарты: үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек Педагог жет ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: жүргізуші сұрақ қоя отырып, бір балаға допты лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады. - Қазақстанның астанасы, қай қала? - Астана. - Қ. Республикасының президенті кім? - Біз қай елде тұрамыз? - Қ. Р. -Сен қай облыста
---	--	--	---

	Сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік дағды. Құрылымдалған ойын: «Төлдерін ата» Төлдерін атау. 2. Сурет салу Тақырыбы: Күн жарқырады Мақсаты: Дөңселек пішінді заттарды салуға жетіледі, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйренеді. Ресурстар: Тақырып бойынша сурет. Әдіс-тәсілі: жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. ҰОҚ жүргізу барысы Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Бала үні, сыни ойлау. Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс. Күн туралы түсінік беру. Күн – бүкіл жер шарына, әлемге жарық, жылу беретін табиғат сыйы. Күнсіз адам тіршілік етуі мүмкін емес. Күннің жарығы көрінетін және көрінбейтін сәулелерден тұрады. Көрінбейтін сәулеге ультра күлгін сәуле жатады. Міне, солардың әсерінен біздің терімізде адам ағзасы үшін маңызды «Д» дәрумені болады. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Оқу ортасы арқылы саралау. Үлкен, кіші күн арқылы топқа		Шарты: Балалар суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атау, геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма беру Пед жет ойын: «Бұл қашан болады?» Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу. Сыни ойлау, бала үні, креативтілік. Қорытынды. Балаларды мадақтау 2. Дене шынықтыру. Педагог жоспары бойынша		тұрасың? жетелеуші сұрақтар, бала үні, Коммуникативтік дамыту. Балаларды мадақтау. Қорытынды. Кері байланыс, бала үні Сұрақ жауап арқылы қорытынды жасау. «Вариативтік к.» « Ертегілер елінде» Тақырыбы : «Түлкі мен қасқыр». Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге, өз ойларын жеткізе білуге үйрету .Жақсылық пен жамандықты айыра білуге жаттықтыру. Қуану, таңдану, қорқу, ашулану сияқты мимика бойынша көңілді сәттерді есте сақтай білулерін дамыту. Достарымен арасындағы қарым-қатынасты жетілдіруге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
--	---	--	--	--	---

	бөлу. Ой қозғау. Аспанда әлемінде нені көрдік? (күн және бұлттың бейнесін көрсету) -Күн қандай пішінге ұқсайды? Көрсету және түсіндіру. 1-үлкен күн тобы бояумен сурет салады. 2-кіші күн тобы алақанмен сурет салады. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, жанама бақылау, бала үні, креативтілік Сергіту сәті. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Балалар салған суреттерін тақтаға әкеліп іледі. Суреттер талқыланып, балалар бір біріне баға беру. Қортынды.. Сұрақтар ілмегі . Балалар ненің суретін салдыңдар? Жұмыстарын бағалау				
Серуенге дайындық	Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып, киінуге үйрету. Далада күннің салқын екенін, қыс мезгілі болғанын балаларға түсіндіру. Балалармен серуенге шығу.				
Серуен:	№1 Қарды бақылау	№2 Желді бақылау	№3 Аязды бақылау	№4Қыстап қалатын құстарды бақылау	№5 аспандағы бұлттарды бақылау
	.ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	Жаттығу кешені №7 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық	Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
	Ұйқыдан ояту жаттығу кешені картотекасынан				
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Құрлымдалған ойын: ««Пейзажды құрастыр» Мақсаты: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы біледі.	Пед жетекшілігімен ойын: «Көңілді ноталар» Музыка жетекшісімен бірлескен көңілді әуен ойындары	Құрлымдалған ойын: «Көгалдағы әдемі гүлдер » Мақсаты: Түстерді қабылдауын дамыту, түс бойынша жұмыс жасауды біледі.	Құрлымдалған ойын: «Ойыншыққа суреттерді табыңыз» Ойынның мақсаты: Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйренеді.	Пед жетек ойын: «Мүсіншілер» Мақсаты: Балалар пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастыра алады.
	Шығармашылық саласы картотекасынан				
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен					
	Таңғы серуен картотекасын бекіту. (картотека қосымша тігілген)				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу</i>				

ЦИКЛОГРАММА
(29қараша-03желтоқсан 2021 ж.) 2-апта
«Балапан» ортаңғы тобы.

Гүлнәр

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

